

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2304 Қаулысы
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 3 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 2 3 0 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Миссиясы мен пайымдауы

Экономикалық өсуге жәрдемдесу және Қазақстан Республикасы экономикасының жоғары бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу мақсатында мемлекеттік қаржылық және материалдық ресурстарды құру және пайдалану кезінде операциялардың айқындығын және уақтылы жүзеге асырылуын, дұрыс есепке алынуын және сенімді бақылануын қ а м т а м а с ы з е т у .

Әлемдік қаржылық қоғамдастық айтарлықтай дамыған, тұрақты және прогрессивті түрде эволюцияланатын қаржылық жүйелердің бірі ретінде жіктелетін, тиімді жұмыс істейтін мемлекеттік қаржыны басқару жүйесі.

2. Ағымдағы ахуалды талдау

Ел Президентінің 1997 жылғы «Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы Үкімет алдында қазақстандықтардың өмір сүру

сапасының өсуіне және бәсекеге қабілетті мемлекет құруға бағытталған бірқатар маңызды стратегиялық міндеттерді қойды.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларына сәйкес еліміздің Үкіметі әлемдік экономикалық дағдарыстың салдарларын барынша азайту, отандық экономиканы ықтимал сыртқы тәуекелдерден қорғаудың алдын алу шараларын әзірлеу жөніндегі шараларды қабылдауда.

Қойылған міндеттерді шешу мақсатында еліміздің басты экономикалық ведомстволарының бірі және бюджеттің атқарылуы бойынша уәкілетті орган болып табылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржы министрлігі) ең алдымен салық салу, кеден ісі, бюджеттің атқарылуы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, сондай-ақ бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, мемлекеттік сатып алу саласында және басқа да бірқатар маңызды қызмет түрлерінде мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

2.1. 1-стратегиялық бағыт. Бюджеттің атқарылу сапасын жақсарту және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін ұлғайту

Ескерту. Кіші бөлімнің тақырыбына және мәтініне өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.27 № 1419 Қаулысымен.

Қаржы министрлігінің түйінді функцияларының бірі бюджеттің толық және уақытылы атқарылуын қамтамасыз ету болып табылады, сондықтан Қаржы министрлігі бюджеттердің атқарылуына және мемлекеттік мекемелердің шоттарына қазынашылық қызмет көрсетудің сапасын арттыру және мемлекеттік сатып алу процесінің тиімділігін оңтайландыру және арттыру, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің қаражатын пайдалану кезінде қаржылық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі жұмыстарды жалғастыруда.

Қазіргі уақытта Қазынашылық жүйеде 15 мыңға тарта мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетіледі, 3 мыңға жуық Қазынашылық жүйені пайдаланушылар нақты уақыт режимінде мемлекеттік бюджет қаражаттарын есепке алу және жұмсау рәсімдерін жүргізе отырып, Қазынашылықтың ақпараттық жүйесінде операцияларды жүзеге асырады. Күн сайын орташа есеппен 25 мың төлем, Қазақстандық банкаралық есептер орталығынан күн сайын орташа есеппен 30 мың түсімдер қабылданады, айдың соңында бұл көрсеткіштер екі есе артады, себебі осы кезеңде мемлекеттік органдар негізгі төлемдерді (еңбекақы, жәрдемақы, салықтар және т.б.) жүргізеді. Осыған байланысты, сондай-ақ бюджеттің атқарылу рәсімдерінің маңыздылығын ескере отырып, Қазынашылықтың тікелей міндеті жүйенің өнімділігіне жүктеме артқан кезде, әр бір қаржылық операцияның уақытылы жүргізілуін қамтамасыз ету болып табылады.

Негізгі проблема трафиктің өсуіне және жүйенің өнімділігіне жүктеменің артуына байланысты құжаттарды өңдеуде және есептілік нысандарын беруде іркілістер болып табылады.

Осыған байланысты, қаржы құжаттарының өсу қарқынын ескере отырып, Стратегиялық жоспарда Қазынашылықтың ақпараттық жүйесін қазынашылық пен клиент (мемлекеттік мекеме) арасындағы өзара іс-әрекет бөлігінде жетілдіру жөніндегі міндеттер көзделген. Қазынашылық жүйесін дамыту шеңберінде 2008 жылы мемлекеттік органдармен электронды құжат айналымын құру бойынша «Қазынашылық - клиент» атты бағдарламалық өнім (бұдан әрі - Жүйе) әзірленді.

Жүйенің мақсаты қазіргі заманғы, кірістірілген және жоғары тиімді ақпараттық ортаны қалыптастыру арқылы Қазынашылықтың қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелерімен өзара іс-әрекеттің тиімділігін арттыру болып табылады, жалпы алғанда, Жүйенің енгізілуі мемлекеттік органдарға қызмет көрсету рәсімдерін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Жүйені дамыту мен оның таралымы келесі басқарушылық міндеттердің тиімді орындалуын қамтамасыз етеді:

1. ақпаратты сақтау мен өндірудің қазіргі заманғы жоғары тиімді технологияларын қолдана отырып, Қазынашылық ақпараттық жүйеге құжат мәліметтерін автоматтандырылған енгізуді бірыңғайлау, оңайлату және жеделдету.

2. қазынашылық өндейтін мәліметтердің жеделдігін, нақтылығын, сенімділігін, ашықтылығын арттыру.

3. құжаттардың дұрыстығын растау, құжаттарды келісу процессін оңтайлату және байланыс желілерін қорғаудың құралдарын пайдалану үшін - Электронды сандық қол қоюды (ЭСҚ) - ақпаратты қорғаудың қазіргі заманғы құралдарымен біріктіру.

Қазіргі таңда пилоттық аймақта тәжірибелік пайдалануға Жүйені енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мүдделі тараптармен өзара іс-әрекет жасауды регламенттейтін құжаттар, сондай-ақ Жүйені қолдану бойынша ережелер әзірленіп бекітілген, Жүйені қолданушылар үшін оқытып үйрету семинарлары жүргізілуде. Жүйеде ЭСҚ заңдық мәнді құралдарымен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығымен бірігу жүргізілді.

«Қазынашылық - клиент» жүйесін іске қосу нәтижесінде 2011 жылдан бастап мемлекеттік органдарға дистанциялық қызмет көрсету қамтамасыз етіледі, бұл өз кезегінде қазынашылық органдарының мемлекеттік мекемелерімен өзара қарым-қатынасында жұмыс тиімділігін арттыра түседі және тиісінше, ол бюджеттердің атқарылуының сапасын жақсартады.

Қаржы министрлігі мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсімі бөлігінде «жалғыз терезе» принципі бойынша мемлекеттік сатып алуды орталықтандыру және жүргізу мақсатында мемлекеттік сатып алу «электронды мемлекеттік сатып алу ақпараттық жүйесі» веб-порталы жасалды.

Веб-порталда 2009 жылдың жарты жылдығының қорытындысы бойынша электронды мемлекеттік сатып алудың 19384 қатысушылары тіркелген (бұдан әрі - ЭМС). Сонымен қатар, ЭМС-тің тапсырыс берушілердің, ұйымдастырушылардың және

әлеуетті берушілердің өкілдеріне 20546 пайдаланушылардың аттары мен парольдері берілген.

Тек электронды сатып алуды пайдаланудан 2009 жылдың 1 тоқсан қорытындысы бойынша шартты үнем пайыздық мәнде 31,68 пайыз (бюджеттен бөлінген 829 млн.теңге жалпы сома көлемінде ЭМС-тің жеңімпаздары ұсынған жалпы сомасы 566 млн.теңгені құрады) болады.

Электронды форматта сатып алуды жүргізу мәселесі, түпнұсқаландыру мен ЭСҚ сертификаттарын алу бойынша Қазақстанның барлық аймағында ақпараттық науқандар мен түсіндірушілік жұмыстары жүзеге асырылды.

Бірақ, баға ұсыныстарын сұрау салу әдісімен мемлекеттік сатып алуда ЭМС үлес деңгейі төмен болып қалып отыр. Бұл, ең алдымен әлеуетті берушілер тарапынан электронды мемлекеттік сатып алуға қатысу ықыласының жоқтығына байланысты, сондай-ақ және де:

- әлеуетті өнім берушілердің көпшілігінде компьютерлік және ұйымдастырушылық техниканың жоқтығы, тиісінше ЭМС-та жұмыс істеу шашығының болмауы;

- шалғай жердегі ауылдық аймақтың веб-порталда жұмыс істеуге мүмкіндік беретін компьютерлік техникамен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі. Телефонды байланыс желісінің техникалық параметрлері барлық жерде модемнің іркіліссіз жұмыс жасауын қамтамасыз етпейді.

Сөйтіп, егер барлық баламалы нұсқалар тек жалғыз мүмкін боларлық сатып алуларды тек электронды түрде жүргізгенде ғана тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу рәсімдерін «байланыссыз» жүргізу идеясын іске асыру мүмкіндігі болады. Сондықтан, мемлекеттік сатып алудың веб-порталында келесі модульдер әзірленген:

- есептілікті жинау және қорыту статистикасын, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуда қазақстандық мазмұнның көлемі туралы ақпарат;

- мемлекеттік сатып алулардың жылдық жоспарларын ұсыну;
- баға ұсыныстарына сұрау салу әдісімен сатып алу.

Бұл ретте, іс-шараларды жүзеге асыру қолданыстағы заңнамалық базаға өзгерістер енгізбейінше және мемлекеттік сатып алудың веб-порталының ақпараттық - коммуникациялық мүмкіндіктерін одан әрі жетілдірмейінше мүмкін емес (қазіргі таңда байқау әдісі мен бір көзден алу әдісі арқылы ЭМС модульдері әзірленуде), сондықтан Стратегиялық жоспарда ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, мемлекеттік сатып алу жүйесін енгізуге бағытталған міндеттер көзделген.

Сондай-ақ, қазіргі таңда бюджеттің тиімді атқарылуын қамтамасыз етуіне және тиісінше, ішкі қаржылық бақылау жүйесінің тиімді қызмет етуіне байланысты мәселелер аса өзекті болып отыр.

Мемлекеттік бюджеттің қаражаттарын қолдану бойынша қаржылық

бұзушылықтардың алдын-алуда мемлекеттік органдар оларға бөлінген бюджет қаражаттарын әрқашан тиімді және мақсатты түрде қолданбауына, ал осы бұзушылықтарды анықтауда, оларды жоюға берілген ұсыныстардың дер кезінде орындалмауына байланысты проблемалар туындайды.

Айталық, 2007 жылы 42,1 млрд.теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар анықталды, бұл 2150 млрд.теңге көлеміндегі бақылаумен қамтылған жалпы соманың 2 пайыз құрады, ал 2008 жылы бақылаумен қамтылған жалпы сома 4390,2 млрд.теңгені құрады, сонымен қатар, олардың ішінен 85,5 млрд.теңге сомасына қаржылық бұзушылықтар анықталды, немесе бұзушылықтардың үлес салмағы 1,95 пайыз құрады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы қаңтардағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында дағдарыстан кейінгі дайындыққа, индустрияландыру арқылы әртараптандыруды жеделдету және адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын және Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде мемлекеттің одан әрі даму б а с ы м д ы қ т а р ы а н ы қ т а л д ы .

Ұлттық қорға (бұдан әрі - Қор) қатысты әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс кезеңінде өзінің пәрменділігін көрсеткен, жүргізіліп отырған жинақтау саясатының қисынды жалғасы болатын Қордың қаражатын қалыптастыру мен пайдалануға жаңа тәсілдерді анықтау міндеті қойылды. Мұндай міндет 2008 - 2009 жылдардың ішінде дағдарысқа қарсы бағдарламаны қаржыландыру үшін Қор қаражатының елеулі бөлігін п а й д а л а н у ғ а б а й л а н ы с т ы а н ы қ т а л д ы .

Айталық, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 962 Жарлығымен жаңа Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлданды, оған сәйкес Қордың негізгі мақсаты болашақ ұрпақ үшін жинақтауды қалыптастыру және республикалық бюджеттің әлемдік шикізат нарықтарындағы ахуалға тәуелділігін азайту арқылы қаржы ресурстарын жинақтау болып табылады.

Тұжырымдамаға сәйкес Қор бұрынғысынша екі функцияны орындайды: жинақтау функциясын орындау үшін Қорда азаймайтын қалдық белгіленеді, сондай-ақ қордың ең жоғары мөлшері шектелмейді; тұрақтандыру функциясын іске асыру республикалық бюджетке кепілдік берілген трансфертті қамтамасыз етуді ұйғарады.

Тұжырымдамадағы маңызды ереже 2010 жылдан бастап 8 миллиард АҚШ доллары мөлшерінде бюджетке жыл сайын кепілдік берілген трансфертті тіркеу болып табылады. Бұдан басқа, бюджеттен тыс қаржыландыруға (мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке секторлар субъектілерінің қазақстандық бағалы қағаздарын сатып алу, заңды және жеке тұлғаларға кредит беру, міндеттемелердің

орындалуын қамтамасыз ету түрінде активтерді пайдалану) және республикалық бюджетке нысаналы трансферттер бөлуге тыйым салынады.

Қор қаражатын қалыптастыруға және пайдалануға арналған жаңа тәсілдерге сәйкес Қор қаражатын жинақтауды үкіметтік қарыз алумен алмастырудың алдын алу жүргізіледі. Еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттік қана емес, квазимемлекеттік сектордың қарыз алуын дұрыс жоспарлауды талап етеді. Атап айтқанда, қауіпсіз деңгейде квазимемлекеттік сектор борышын реттеу және ұстау мақсатында квазимемлекеттік сектордың қарыз алуын шектеуді реттейтін тетіктер әзірленді.

Жаңа тұжырымдама болашақ ұрпақ үшін қалпына келтірілмейтін табиғи ресурстарды сатудан жинақталған қаржы ресурстарын жинақтау саясатын жалғастыруды, бюджеттің әлемдік шикізат нарықтарындағы ахуалға тәуелділігін азайтуды ұйғарады.

Тұжырымдамада белгіленген тәсілдерді ұстану 2020 жылы Қор қаражатын 90 млрд. АҚШ долларына дейін өсіруге мүмкіндік береді деп ұйғарылады, бұл ЖІӨ-ге шаққанда кемінде 30% - ды құрайды.

2007 жылы бақылау объектілеріне жіберілген бұзушылықтарды жою туралы 7217 ұсыныстың 5377-і орындалды, немесе 74,5 пайыз. 2008 жылы бақылау объектілерінің 8916 ұсынысының 6954 орындалды, ол 78 пайыз құрады. Бақылау объектілерінің қаржы тәртібін арттыруға және бұзушылықтардың азайтуға ықпал ететін шара ретінде бұзушылықтардың жол берілген және анықталған фактілеріне тұрақты талдау, олардың алдын-алу және жолын кесу бойынша жүйелі ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

2.2. 2-стратегиялық бағыт. Салық жүйесін жетілдіру және салық қызметі органдары қызметінің тиімділігін арттыру

Ескерту. Кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.12.27 № 1419 Қаулысымен.

Бүгінгі таңда Қазақстандық салық қызметі өз дамуының сапалы жаңа сатысында тұр, одан әрі ойдағыдай жұмыс істеуі үшін негіз жасауға бағытталған бірқатар реформалар жүргізілді.

Соңғы жылдары салық саясаты мен салықтық әкімшелеңдіру саласында маңызды қадамдар жасалды және елеулі жақсартуға қол жеткізілді. Жекеше сектор өкілдерінің белсенді қатысуымен нормативті-құқықтық негіз жетілдірілді, 2008 жылы жаңа Салық кодексі қабылданды. Қазіргі кезде әр-түрлі ақпарат жүйелері белсенді түрде қолдануда.

Бұл ретте, салық түсімдерін ұлғайту мақсатында назар көлеңкелі экономикада жасырылған резервтеріне аударылуы және қызметті оларды анықтауға бағыттау қажет. Ірі кәсіпорындарға тексерулердің, әсіресе трансферттік бағаларға бақылау бойынша

тиімділікті арттыру қажет, жалған кәсіпорындармен күресті жандандыру, залал шеккен кәсіпорындарды әкімшілендіруді күшейту керек, резидент еместерге назар аудару қажет, акцизделетін саладан (әсіресе алкогольден) түсетін салықтардың түсімін көтеру керек. Бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту салық жүктемесін төмендете отырып, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру есебінен жүргізілуі тиіс. Салықтық әкімшілендірудің кемшіліктері немесе пысықталмауы бюджетке түсетін салық түсімдерінің төмендеуіне, салық бұзушылықтарының ықтималдығын ұлғайтуға, сайып келуі қоғамда әлеуметтік шиеленісті тудыруға әкеп соқтыруы мүмкін.

Аталған міндетке қол жеткізу салық төлеушілерді салық бақылауымен қамтуды арттыру арқылы «Салықтық әкімшілендіруді жақсарту жолымен салықтардың толық түсуін қамтамасыз ету» стратегиялық мақсат шеңберінде көзделген.

Сонымен қатар, бизнес белсенділігін арттыру үшін салық ауыртпалықтарын төмендету бойынша шаралар қабылданды.

Бірақ мөлшерлемелердің төмендеуі өзінен-өзі салық жүйесінің жетілдірілуіне қол жеткізбейді. Салық мөлшерлемелерінің төмендеуі мен салық базасының кеңейтілуіне қарай түсімдерді ұлғайту бойынша мүмкіндіктердің мақсаты салық заңнамаларын сақтауға маңызды қолдау көрсету болып табылатын әкімшіліктендіру саласындағы жетілдіруге тәуелділігі арта түседі.

Бұдан басқа, ақпараттық жүйелер базасында озық халықаралық тәжірибені пайдалануға негізделген салық қызметі органдарының қызметін жетілдірудегі серпінді кадамдармен қатар шешімін талап ететін бір қатар проблемалар бар.

2008 жылы «Сандж» зерттеу орталығының халыққа жүргізілген сауалнамасының нәтижесі бойынша салық қызметтерін алуда тұтынушылар тап болған неғұрлым маңызды кедергілер мыналар болды:

үлкен кезек күтулер	-	33,2	пайыз;
біреуінен екіншісіне жіберу	-	27,4	пайыз;
күту үшін қолайлы орынның жоқтығы	-	27,0	пайыз;
анықтамалық терезенің жоқтығы	-	25,3	пайыз.

Ең алдымен, осы проблемалар салық органының жарақтандырылуына, салық төлеушілердің ақпараттандырылуына байланысты.

Бұл проблемалардың шешімдері көрсетілетін салық қызметтерінің сапасын арттыру (кезек күтуді орташа уақытын қысқарту, мемлекеттік қызметтердің электронды түрлерін көрсету бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету жұмыстарының сапасымен қанағаттануды арттыру (сауалнама нәтижелері бойынша), салықтарды есептеуді оңайлату - жылына салық есептілігін дайындауға және тапсыруға кететін орташа уақыт, салық органдарының Ақпарат қабылдау және өңдеу орталықтарының құрылысы), салық қызметі органдарының жұмыс тәжірибесінде түсіндіру жұмысының озық түрлері мен әдістерін, оның ішінде заманға сай ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, енгізу арқылы қоғамның салық мәселелерінде хабардарлығын арттыру

жолымен «Салық қызметі органдарының қызметіне қоғамның қанағаттануы деңгейінің өсуін қамтамасыз ету» стратегиялық мақсаты қамтамасыз ету шеңберінде көзделген.

Қазіргі таңда салық қызметін жаңғырту Қазақстан Республикасы Президенті және Қазақстан Республикасы Үкіметі қойған және Қазақстанның бәсеке қабілеттілігін арттыру мен бизнесті жүргізу үшін тартымды жағдайлар жасаудың аса маңызды бөлігі ретінде қарастырылатын абзал міндет болып табылады.

2.3. 3-стратегиялық бағыт. Кеден жүйесін жетілдіру және кеден органдары қызметінің тиімділігін арттыру

Ескерту. Кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.12.27 № 1419 Қаулысымен.

Соңғы уақытта Қазақстанның экономикалық даму үрдісін ескере отырып, кеден қызметі кедендік әкімшілендіруді жетілдіру, кедендік рәсімдерді оңайлату, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар (бұдан әрі - СЭҚ) және тұтас халық үшін қолайлы жағдай жасау жағынан белсенді қадам басуда.

Қазақстанда кәсіпкерлік қызметті дамытуға септігін тигізу мақсатында, сондай-ақ, Қазақстанның «Кеден рәсімдерінің ауыртпалығы» Халықаралық экономикалық форумның (бұдан әрі - ХЭФ) Жаһандық бәсеке қабілеттілік индексі рейтингінде позициясын жоғарлату үшін Қаржы министрлігі әкімшілік кедергілерді төмендету мен бизнес ортаны дамытудың шарттарын жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асырып отыр.

2008 жылдың ақпанынан бастап кедендік рәсімдеудің үш кезеңдік рәсімінен бір кезеңдік рәсімдеуге көшу жүзеге асырылды, ол «жалғыз терезе» жүйесі бойынша ЖКД-ны тіркеу және ресімдеу арқылы кедендік ресімдеудің рәсімін оңайлату мен кедендік рәсімдерді жүзеге асыру уақытын қысқартуға мүмкіндік берді.

Жеке тұлғалар үшін кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді оңайлату және сыбайлас жемқорлық көріністерін төмендету үшін кедендік төлемді өндіріп алудың (1 кг. үшін 0,6 еуро) бірыңғайланған арнайы мөлшерлемесі бекітілген, бұл әкімшілендіруді қысқартады және бақылаудың ең аз нысандарын талап етеді.

Біріктірілген кедендік бақылау енгізілген, оған сәйкес кедендік органдарға шекарада бақылаушы органдардың іс-әрекетін үйлестіру жөніндегі қызметтер жүктелген, «Web-декларант» электронды декларациялау кешені жұмыс істейді.

Бұл ретте Халықаралық қайта құру және даму банкінің есебіне сәйкес халықаралық сауданы жүргізу рейтингінде Қазақстан әлемде 178 орында, өйткені біздің елімізде импорт бойынша мәмілені жүзеге асыру үшін 18 құжат ұсыну қажет, экспорт бойынша - 14, оларды ресімдеу ұзақтығы 60 күнге дейін ұзаруы мүмкін, жоғарыда көрсетілген құжаттың 3-уі ғана кедендік - СЭҚ қатысушының есеп карточкасы, тауардың жеткізілуі туралы кепілдік міндеттемесі, кедендік декларация (жүк, жолаушы) болып табылады,

сондықтан Министрліктің СЭҚ қатысушылары мүддесінде халықаралық стандарттарға сәйкес кедендік рәсімдерді сәйкестендіру мен бірыңғайлау бойынша алдына қойған міндет шеңберінде 2 көмекші кедендік құжаттарды алып тастауды және тек біреуін ғана - кедендік декларацияны міндетті етіп қалдыру жоспарлануда.

Қылмыстық ортаға контрабандалық схеманы анықтау мен оған кедендік және басқа да мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысы бар екенін айқындау мақсатында қызметкерлерді енгізу жөніндегі іс-шаралар белсенді түрде жүргізілуде. Нәтижесінде өз күшімізбен өзіміздің қызметкерлерімізге қарсы 61 пайыз дейін қылмыстық іс ашылды және оқиғалардың 82 пайызда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтадық.

Айталық, 2009 жылдың 1-жарты жылдығында кеден органдарының қызметкерлері 96 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған, олардың ішінде 79-і өз күшімізбен анықталды, бұл 2008 жылғы осыған ұқсас кезеңдегі көрсеткіштен 1,5 есе жоғары.

Бұл проблеманы әрі қарай нивелирлеу, мысалы, Дүниежүзілік банкпен бірлесіп жүзеге асырылатын Кедендік қызметті дамыту жобасын іске асыру көмегімен 2010 жылы тауарлар мен көлік құралдарын физикалық қарау пайызын 55-ке қысқарту жолымен жоспарлануда, бұл ретте 2008 жылғы есепке сәйкес бұл көрсеткіш 70-пайызды құрады.

Өткен жылдың тәжірибесінде кедендік органдар барлығын саралаусыз тексеруді жүргізді, СЭҚ қатысушыларына тексеруді және кедендік бақылауды өткізу режимінің баяулығы ең үлкен қолайсыздық келтіріп отырды.

Сондықтан Қаржы министрлігі әзірлеген «Селективті бақылау мен тәуекелді басқару» (СБТБ) ақпараттық жүйесін кешендік сынау өткізді. Ағымдағы жылы оны тәжірибелік пайдалануға енгізу жоспарланып отыр. Бұл тауарларды ресімдеу кезеңінде шешім қабылдайтын кедендік органдар қызметкерлері үшін ұсынымдарды жедел беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, осы жүйені енгізуден болатын оң тиімділік - деректердің дұрыстығын арттыру, тәуекел деңгейіне сүйене отырып, ішкі бақылауды жүзеге асыру, кедендік ресімдеу уақытын төмендету және әрине, адам факторын болдырмау.

Кедендік қызметкерлердің құқық қорғау қызметі саласында қозғалған қылмыстық іс санының өсуі де, мемлекетке келтірілген зиянды тиімді өтеуде байқалуда.

Айталық, есепті деректерге сәйкес жылдың басынан кедендік органдар 634 қылмыстық іс және 5282 әкімшілік іс қозғаған.

2009 жылдың 1-жарты жылдығында контрабанда фактілері бойынша мемлекетке залал келтірілген сома көлемі 3,458 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылдың дәл осындай кезеңімен (321,8 млн. теңге) салыстырғанда 10 есе көп.

Қазақстан-қытай бағытында халық тұтынатын тауарлардың заңсыз айналымына байланысты экономикалық қылмыстардың жолын кесуге барынша назар аударылуда.

Арнайы шұғыл іздестіру шараларын жүргізу тәжірибесі енгізілген, оның нәтижесі бойынша тауар, валюта және есірткі контрабандаларын анықтау өсе түсті.

Құқық қорғау және арнайы органдармен бірлесе отырып, «бақыланатын жеткізілім» әдісі бойынша 12 шұғыл іздестіру шараларына қатысылды, олардың ішінде 7-еуі табысты аяқталды, ТМД-ның оңтүстік республикаларынан Қазақстан Республикасы арқылы Ресейге есірткінің аса ірі партияларының контрабандалық жеткізілуін жүзеге асыратын ұйымдастырылған халықаралық қылмыстық қоғамдастықтар қызметінің ж о л ы к е с і л д і .

Бұл тұрақты жұмыс, сондықтан контрабанда үшін сенімді тосқауыл қою жөнінде кең көлемді ауқымды операцияларды жүргізу жолымен құқық қорғау қызметін жалғастыру жоспарлануда, бұл кедендік шекара арқылы заңсыз өтетін тауарларды табудың тиімді жұмыс істейтін жүйесін қалыптастыру бөлігінде Стратегиялық жоспарда қойылған мақсатқа жету шеңберінде қарастырылған.

Сонымен қатар, ХЭФ-тің 2009 жылғы есептері бойынша «Кеден рәсімдерінің ауыртпалығы» көрсеткіші бойынша елдің бәсеке қабілеттілік рейтингі төмендеді. Айталық, Қазақстан 2008 жылы 104 - орында болып, 2009 жылы 134 елдің ішінен 106 - о р ы н ғ а о р н а л а с т ы .

Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген шаралардан басқа, кеден органдары 2010 жылдың бірінші жарты жылдығында ХЭФ рейтингінің болжамды респонденттерінің ішіне кіретін бизнес орта өкілдерімен бірқатар кездесу өткізу, бизнесті жүргізу рәсімдерін жеңілдету бойынша қабылданатын шаралар туралы кәсіпкерлік үшін ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуді жоспарлап отыр. Жүргізіліп жатқан жұмыстың қорытындысы 2010 жылы жарияланған есепте осы рейтинг бойынша «Кеден рәсімдерінің ауыртпалығы» көрсеткішінде 96 - орынға (болжам) жету болады.

2.4. 4-стратегиялық бағыт. Қаржылық ақпараттың сапасы мен қол жетімділігін арттыру

Қазақстанның әлемдік экономикаға табысты кірігуінің маңызды құрамдас бөлігінің бірі халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарын (бұдан әрі - ХҚЕС) және халықаралық аудит стандарттарын (бұдан әрі - ХАС) қолдану болып табылатындықтан, Қаржы министрлігі осы бағытта жұмыстарды жалғастыруда.

Ағымдағы кезеңде ХҚЕС-тің 2008 жылғы нұсқасының қазақ тілінде жариялану қ а м т а с ы з е т і л д і .

Бұл ретте зерделенген халықаралық тәжірибе мен ХҚЕС-қа көшпеген заңды тұлғалардың санын анықтау жөнінде 2008 жылы жүргізілген жұмыстар Қазақстанда ХҚЕС-ті қолдануды сақтауға бақылау жүйесінің бар болуы қажеттілігін айғақтайды.

Айталық, жүргізілген жұмыстар нәтижесі бойынша 200 республикалық мемлекеттік меншік ұйымдарының 178-і ХҚЕС-қа көшті. 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай

бойынша 1068 коммуналдық мемлекеттік меншік ұйымдарының 471-і ХҚЕС-қа көшті, бұл ретте 509-ы көшкен жоқ, ал 88-і таратылу сатысында тұр.

Бақылау функциясының жоқтығы жақын уақытқа дейін Қаржы министрлігіне ХҚЕС-қа көшкен заңды тұлғалардың санына тиімді талдау жүргізуге мүмкіндік бермеді, бұл өз кезегінде елде болып жатқан жағдайды толық сипаттамады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілікке қатысты, атап айтқанда, бақылау мен мониторинг тиімді жүйесін құру мәселелері бойынша заңнамаларына өзгерістер енгізуге бастамашы болды.

Алайда, осы заңнамалық нормаларды енгізу жеткіліксіз болып шықты, өйткені бухгалтерлік және аудиторлық қызметті қарқынды дамыту үшін аяғына дейін ж а ғ д а й л а р ж а с а л м а ғ а н .

Аудиторлық қызмет пен бухгалтерлік есеп саласындағы қызметшілер үшін кадрларды дайындау және қайта дайындаудың тар өрісті базасы, елдің шалғай өңірлеріндегі жұртшылықтың төмен хабардар болуы, халықаралық стандарттарды тәжірибеде қолдану мүмкіндігінің жоқтығы, осының бәрі ХҚЕС-тің дамуына өзінің т е р і с ә с е р і н т и г і з е д і .

Сондай-ақ, аталған стандарттарды соңғы өзгерістерді ескермей қолдануға мәжбүрлейтін ХҚЕС бойынша да, ХАС бойынша да ресми аударуға және (немесе) мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріндегі жарияланымға шарт жасасудан бас тарту тәуекелі бар, бұл аудиторлық қызмет пен бухгалтерлік есеп саласын дамыту үшін қ о л а й с ы з ф а к т о р б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Қаржы министрлігі ел аймақтарында бухгалтерлік есеп саласындағы қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау бойынша семинарларды ұйымдастыруда, ХҚЕС және ХАС мәселелері бойынша жаңартылған ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі - БАҚ) үнемі жариялауда, бұдан басқа, тұрақты негізде ХҚЕС жөніндегі Комитет қорымен (бұдан әрі - ХҚЕСКҚ) және Халықаралық бухгалтерлер федерациясымен (бұдан әрі - ХБФ) шарттардың мерзімін ұзарту б о й ы н ш а к е л і с с ө з д е р жүргізілуде.

Сондай-ақ, ХСА-ға аудиторлық ұйымдардың көшуін жүзеге асыру шеңберінде, Қаржы министрлігі аккредиттелген кәсіби, аудиторлық ұйымдардың қызметіне олардың қызметтерінің аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкестілігі тұрғысынан тексерулер жүргізеді.

Бұл ретте ХЭФ-тің мониторингі мен есебі нәтижесі бойынша ағымдағы жылда Қазақстанның 2009 жылға арналған «Аудит және есептілік стандарттары деңгейі» ХЭФ ЖБИ рейтингінде болжамдалған 90 орында 94 орынға, және 2009 жылы 134 елдердің і ш і н е н 9 8 о р ы н ғ а о р н а л а с т ы .

Сонымен қатар, бұл рейтинг бойынша ел позициясының төмендеуі себептерінің бірі ретінде ХҚЕС және ХАС-ты енгізу саласында бухгалтер/бухгалтерлік ұйымдар, аудиторлар/аудиторлық ұйымдардың арасында хабарсыздық факторын көрсетуге

б о л а д ы .

Осыған байланысты Қаржы министрлігі аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдармен, аккредиттелген кәсіби бухгалтерлік ұйымдармен, бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау бойынша аккредиттелген ұйымдармен бірлесе отырып, ел үшін бұл рейтингтегі көрсеткіштің маңыздығын кең жариялау мақсатында бухгалтерлер, аудиторлар мен тиісті ұйымдар арасында ақпараттық-түсіндірмелік жұмыстарды үнемі жүргізуді жоспарлап отыр.

Қазіргі таңда Қазақстанда мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігінде кассалық әдіс қолданылады. Алайда өткен жылдарға жасалған талдау бюджет қаражатын пайдалануда айқындылықтың жетіспеушілігіне байланысты проблемалардың болуын көрсетіп отыр, өйткені бұл әдісті пайдалану кезінде мемлекетте мемлекеттік бюджеттен бөлінген ақша қаражатын пайдалану тиімділігін бағалауға мүмкіндігі жоқ болғандықтан, мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігін жетілдіру қажеттілігі туындап отыр.

Осыған байланысты, мемлекеттік секторда реформа жүргізу мақсатында қоғамдық сектор саласындағы активтер мен міндеттемелерді есепке алу үшін әзірленген бірегей стандарт болып табылатын қоғамдық сектор үшін Халықаралық бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік стандарттарын (бұдан әрі - ҚСХҚЕС) негізге алу шешімі қабылданды. Қазіргі уақытта ҚСХҚЕС Ұлыбритания, Франция, Жаңа Зеландия, Аргентина сияқты бірқатар дамыған елдерде енгізіліп, қолданылуда.

Жаңа жүйе мемлекеттік сектордың қызметін қаржыландыру тиімділігін және оның өзінің функцияларын орындау үшін ақшалай қаражаттарға деген нақты қажеттілігін бағалауға, сондай-ақ басқарушылық шешімдерді қабылдау, қаржыландыруда болашақ міндеттемелерді жоспарлау үшін қаржылық ақпараттың айқындылығын көтеруге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты қоғамдық сектор үшін ҚСХҚЕС сәйкес мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласында әдіснамалық негізді дайындау жұмыстары жүргізілуде. Әрі қарай қаржылық есептілікті жасаушыларды, пайдаланушыларды, сыртқы және ішкі аудиторларды оқытуды, сондай-ақ басқа да ұйымдастырушылық іс-шараларды, оның ішінде, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің жаңа жүйесін енгізудің пилоттық бағдарламасын іске асыру бойынша және нәтижесінде барлық мемлекеттік мекемелерді осы жүйеге көшіруді жүзеге асыру жоспарланып отыр.

2.5. 5-стратегиялық бағыт. Республикалық мемлекеттік меншікті және стратегиялық маңызы бар экономика саласындағы меншікті басқару жүйесінің тиімділігін арттыру

Қазақстан Республикасының әлемдік қаржы дағдарысы жағдайындағы қазіргі заманғы экономикасының жай-күйі мемлекеттік саясаттың қалыптастырылуы тәуелді мемлекеттік органдарды қазіргі басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін толық жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар қызметінің айқындылығына неғұрлым қатал талаптар қоюды талап етті. Бұл ретте, айқындылық мемлекеттік меншік жағдайын есепке алу жүйесін жетілдіру, меншіктің мониторинг жүйесін дамыту және оның нәтижелерін неғұрлым кеңінен пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

Мемлекеттік меншік жағдайын есепке алу жүйесі «Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізіліміне» негізделеді және ол электронды түрде жүргізіледі. Мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың қызметі туралы ақпаратты заңды тұлғалардың өздері электронды түрде толтырып, жібереді. Мұндай жеткізіп берудің мүмкіншілігі мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың барлығын қамти алмайды. Айталық, негізінен, 2008 жылы заңды тұлғалардың тек 70 пайызы ғана Тізілімге ақпараттың түсуін қамтамасыз етті. Одан басқа, шетелде орналасқан мемлекеттік меншік бақылаудан тыс қалып отырғандықтан, 2008 жылдың қорытындысы бойынша мұндай мүлік ескерілген жоқ.

Мұндай жағдай экономиканың маңызды құрамдас бөлігі болып саналатын мемлекеттік сектордың мемлекеттік реттеуін жетілдіруді едәуір қиындата түсті.

Осыған байланысты Стратегиялық жоспарда жоғарыда көрсетілген көрсеткіштердің артуы қарастырылған.

Кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуы бар компанияларда болып жатқан процестерді зерделеу мақсатында жүзеге асырылатын мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың меншігін басқару тиімділігінің кешенді мониторингі, сондай-ақ, 2004 жылы қабылданған «Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін жүргізіліп отырған меншіктің мемлекеттік мониторингі жалпы экономикада болып жатқан процестерді бақылау мен оларға талдау жасауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Алайда, мониторинг объектілері санының көп болуы және республикалық бюджеттен бұл іс-шаралардың қаржыландырылуға байланысты шектеулер, ірі компаниялар мен мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың қызметіне тұрақты бақылауды және тиісінше талдау жүргізуді, демек, экономикада ағымдағы жағдайға уақтылы талдау мен экономиканың маңызы бар салаларында мемлекеттік саясатты түзету бойынша шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты Қаржы министрлігі кәсіпорындар санын арттыру және берілетін мерзімді ақпарат негізінде жүргізілетін камералды бақылау шеңберінде көрсеткіштер тізбесін кеңейту бөлігінде бес жылдық мерзімге кешенді және мемлекеттік мониторинг жүргізу тетігін жетілдіруді көздейді.

Мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет қатысуы бар заңды тұлғалардың, мемлекеттік емес заңды тұлғалардың мемлекеттік мүлікті пайдалануының тиімділігі жеткіліксіз болып отыр, оны мақсатқа сай пайдаланбау фактілері орын алып отыр.

2008 жылы мүлікті мақсатты және тиімді пайдалану тұрғысынан 740 республикалық мемлекеттік заңды тұлғаны тексеру жүзеге асырылды. 10391 артық және қолданылмайтын объектілер анықталды, оның ішінде 9865-ін есептен шығарып тастау, жекешелендірілуге 328 объектіні беру, жарғылық мақсаттар үшін 108-ін қамту, басқа заңды тұлғалардың балансына 80-ін, коммуналдық меншікке 10 объектіні беру ұ с ы н ы л д ы .

Мемлекеттік меншікті пайдалану процесін әрі қарай жетілдіру үшін Қаржы министрлігі бақылауды күшейту мен оның мақсатты және тиімді пайдаланылуын тексеруді жетілдіруді көздейді.

Жоғарыда көрсетілген шарттарды ескере отырып, Қаржы министрлігі өзінің алдағы бес жылдық кезеңіне стратегиялық бағыт ретінде республикалық мемлекеттік меншікті және стратегиялық маңызы бар экономика саласындағы меншікті басқару жүйесінің тиімділігін арттыруды айқындап отыр.

2.6. 6-стратегиялық бағыт. Банкроттық саласында реттеу тиімділігін арттыру

Ескерту. Кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.27 № 1419 Қаулысымен.

Қазақстан экономикасының нарықтық қатынастарға енуі, шетел кәсіпорындарының тауарлары үшін отандық нарықты ашу көптеген ұйымдарды қиын қаржылық және экономикалық жағдайға ұшыратты. Мұның нәтижесі ұйымдардың төлем қабілетсіздігінің артуы және кейіннен банкротқа ұшырауы болды.

Оңалту рәсімін қолдану кезінде төлем қабілетсіз ұйымдарды қаржы-экономикалық сауықтыруға жеткілікті шамада көңіл аударылмайды, кредит берушілердің, оның ішінде мемлекет атынан кредит берушінің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша, борышкердің төлем қабілеттілік деңгейіне кем ден қоюы, олардың ұйымдардың төлем қабілеттілігін қалпына келтірудегі, оларды оңалтудағы рөлінің жеткіліксіздігі негізгі проблемалар болған әрі қалып отыр. Айталық, 2002 - 2006 жылдары оңалту рәсімін аяқтаған кәсіпорындардың жалпы санынан оңалту рәсімін табысты аяқтағандардың орташа көрсеткіші бар жоғы 34,8 пайызды құрады.

Мемлекет басшысының 2007 жылғы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауында шығынға батқан жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды есептен шығару әрекеті ысырапшылдық болады - банкроттық зиянмен жұмыс істейтін мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін қалпына келтіру мүмкіндігі қалмаған жағдайда жасалатын

соңғы қадам болуға тиіс екендігі аталып өтті.

Мемлекет басшысы белгіленген міндеттерді шешу мақсатында 2008 жылғы 5 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заң жобасы жалпы төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды оңалту рәсімдеріне қатыстыру жолымен қаржы-экономикалық сауықтыруға, банкроттау саласында бірыңғай уәкілетті орган анықтауға, сыртқы қадағалау әкімшілерінің, конкурстық пен оңалту басқарушыларының жауапкершілігін бекітуге, банкроттау саласында жасалған қылмыстар үшін жауапкершілік ескерілетін қылмыстық заңнамалардың санкциялары мен нормаларын күшейтуге бағытталған, сондай-ақ, борышкер үшін мынадай бірқатар ынталандырулар көзделген: оңалтуды қолдануға құжаттарды беру тәртібін оңайлату; стратегиялық маңызы бар кәсіпорындар үшін оңалту мерзімін арттыру; оңалту басқарушыларын оңалту өндірісінің пайдасына шағым бергенде мемлекеттік баж салығын төлеуден босату және мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу мүмкіндігі көзделген.

Соңғы жылдары оңалту рәсімдерін табысты аяқтаған кәсіпорындар үлесінің өсуін арттыруға үрдістер байқалуда, айталық, 2007 жылы олардың пайызы 81,8, ал 2008 жылы - 83,3 пайызы болды.

Алайда, уәкілетті орган жағынан бақылауға бағынбайтын рентабельді емес ұйымдардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге теріс әсерін тигізуі мүмкін маңызды проблемалар бар.

Кәсіпорынды оңалту рәсіміне тарту кезінде талабында мемлекеттік орган борышкерге қатысты оңалту рәсімдерін жүзеге асыруға кепілдік кредиторларының келіспеушілігімен кездесіп қалады. Оңалту рәсімдерін жүзеге асыру кезеңінде кредиторлық қарызды өтемеу, дебиторлық берешекті өндіріп алу (өндіріп алуға келмейтін, дебитордың банкротқа ұшырауы және т.б.) мүмкіндігінің болмауына байланысты ескере отырып, негізгі қорлардың тозу тәуекелі бар. Бұдан басқа, қасақана және жалған банкроттық проблемасы бар, ол кредит берушінің ұйым мүлкінің негізгі массасын шығару бойынша басшылардың немесе құрылтайшылардың заңсыз әрекеттеріне уақтылы ден қоймауынан туындайды.

Осыған байланысты, борышкерлердің активтерді заңсыз шығаруымен және қасақана банкроттыққа қарсы әрекет ету тетіктерінің бірі сырттай байқау институтын қолдану болып табылады.

Бүгінгі таңда аталған проблемаларды жедел және уақытылы шешу үшін уәкілетті орган салық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып борышкерлердің қаржы-экономикалық сауықтыруға шаралар қолдану үшін жұмыс топтарын құрды. Бұдан басқа, уәкілетті органның аймақтық бөлімшелері мен жергілікті әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары арасында санатор ретінде оңалту рәсіміне ықтимал қатысуы үшін, сондай-ақ, сауда-саттықта банкротқа ұшыраған

кәсіпорындардың өндірістік активтерін сатып алу мен олардың негізінде жаңа өндірісті құру үшін өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылып ж а т ы р .

2014 жылы төлем қабілеттілігі 56 пайызға дейін қалпына келтірілетін кәсіпорындардың үлесін ұлғайту жоспарланып отыр.

Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша Қазақстанда тарату рәсімдерін өткізу уақыты 3,3 жылды, шығындар - мүлік құнының 18 пайызын және борышты өндіру коэффициенті - 25,3-ті құрайды (арнайы формула бойынша есептеледі). Бұл деректер Дүниежүзілік банк респондеттерге сұрау салу жолымен алды.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын және банкроттық саласындағы тәжірибені талдау Қазақстанда тарату рәсімдерінің уақыты 1,7 жылды, шығындар 16,2 пайызды құрайтынын көрсетті.

Қазақстанның «Doing Business» рейтингіндегі көрсеткішін жақсарту үшін банкроттық саласындағы қолданыстағы заңнаманы түсіндіру, сондай-ақ оларды және Дүниежүзілік банк өкілдерін банкроттық рәсімдері арқылы кәсіпорындарды тарату саласында шын мәніндегі жағдай туралы ақпараттандыру жөніндегі респондеттермен ж ұ м ы с жү р г і з і л е д і .

Бұдан басқа банкроттық туралы заңнамада белгіленген ең жоғары 12 ай мерзім кезінде 9 айға дейінгі мерзімде таратылған кәсіпорындар үлесін 2014 жылға 90 пайызға дейін арттыру жоспарланып отыр.

Айталық, 2009 жылдың қорытындылары бойынша жүргізілген талдауға сәйкес таратылғандардың жалпы санынан ұйымдардың 82 %-ы 9 ай мерзімге дейін таратылды.

Осыған байланысты Қаржы министрлігі Стратегиялық жоспарда көрсетілген көрсеткішке қол жеткізу үшін тарату рәсімдерінің басталуымен 9 айға дейінгі мерзімде конкурстық өндірістің шеңберінде іс-шаралардың уақытылы орындалуы бойынша конкурстық басқарушылар іс-әрекетіне бақылауды қамтамасыз етеді.

Алайда, бұл конкурстық өндіріс мерзімінің ұзартылуына әсер етуші бірқатар сыртқы факторларға байланысты әрқашан мүмкін емес, атап айтқанда, борышкерлердің қатысуымен әр түрлі сатыларда сот талқылаулары, дебиторлық берешекті өтеу, мүлікті қ а й т а р у ж ә н е т . б .

Банкроттық саласындағы реттеу тиімділігін арттыру мақсаттарының бірі құқықтық тұрғыда жоғарыда айтылған проблемалардың шешімін табуға мүмкіндік беретін заңды тұлғалардың банкроттығы тетіктерін жетілдіру болып табылады.

2012 жылы заңды тұлғалардың банкроттығы тетіктерін жетілдіру саласындағы стратегиялық бағыт Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында көзделген.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының бес негізгі түйінді бағыттарының бірі дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық болып

табылады. Экономиканы қалпына келтіруге дайындау үдерісінде Қазақстан өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін реформаларды жылдам іске асыруы тиіс. Дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық анағұрлым қолайлы бизнес ортаны жасау, қаржы секторын нығайту және сенімді құқықтық жүйе құру жөніндегі шараларды қамтиды.

Банкроттық саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі стратегиялық мақсат және норма шығармашылық заңды тұлғалардың банкроттығы тетіктерін 2012 жылға жетілдіру жолымен іске асырылады. Осы нысаналы индикатор көрсеткішін жақсарту мақсатында 2012 жылға мынадай міндеттерді орындау ұйғарылып отыр: дәрменсіз борышкерлерді оңалту жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауға және кредит берушілердің мүддесін қорғауға, айқындылықты қамтамасыз етуге және банкроттық рәсімдерін оңайлатуға, әкімшілік кедергілерді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ықпал ететін жағдайларды жоюға бағытталған халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан кейін банкроттық саласын реттейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылданған заңға сәйкес келтірілетін болады.

Насихаттау жұмысы шеңберінде қоғамды банкроттық саласындағы жоспарланып отырған жаңалықтарды талдауға тартуға және халықты банкроттық туралы заңнамадағы қабылданған жаңалықтар туралы ақпараттандыру мақсатында БАҚ-та тиісті материалдар жариялау жөнінде жұмыс жүргізу жоспарланып отыр.

2.7. 7-стратегиялық бағыт. Қаржы мониторинг жүйесін қалыптастыру

Қаржы министрлігінің құрылымында 2008 жылы қызметі заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылмен байланысты операцияларды жолын кесуге, анықтау және жоюға бағытталған Қаржылық мониторинг комитеті құрылды.

Қазіргі жаһандық экономикалық тұрақсыздық жағдайында, оның әсері қаржы саласынан тысқары ұзаққа таралған, отандық қаржылық жүйеге қолдау көрсету бойынша дамушы және дамыған мемлекеттердің күш-жігері ерекше орын алады.

Қалыптасқан жағдай көптеген мемлекеттердің үкіметтеріне өздерінің қаржылық жүйесінің құрылымына жаңадан қарауға, оларды реформалаудың қажеттілігін бағалау және қысқа мерзімде тиісті өзгерістерді енгізуге бірегей мүмкіндік беріп отыр.

Қаржы институттары сенімділігі мен қаржылық ағымның ашықтығын көтеруге мүмкіндік беретін негізгі өзгерістер, ең алдымен, қаржы ұйымдарының қызметтерін реттеу, қадағалау және мониторинг саласында жүзеге асырылуы тиіс. Сондай-ақ,

құқыққа қарсы мақсатта қаржы жүйесін пайдаланудың үздіксіз жетілдіріліп отырған практикасына қарсы күрес бойынша шараларға ерекше назар аударған жөн.

Әлемдік экономикада болып жатқан дағдарыстық жағдайларға қарамастан, қазіргі уақыттағы жаһандық проблема - террористік және экстремистік ұйымдардың қызметі өз өзектігін жоғалтқан жоқ.

Ағымдағы қалыптасу кезеңінде Қаржы министрлігі осы салада заң жобалау негізін әзірледі, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында қызметкерлерді іріктеу және қайта даярлау, сондай-ақ басқа да ұйымдастырушылық іс-шаралар, соның ішінде қаржы мониторингінің бірыңғай ақпараттық талдамалы жүйесін құру бойынша іс-шаралар басталды.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері және көрсеткіштері

Ескерту. Бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.27 № 1419 Қаулысымен.

Атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
		2008 жылға (есеп)	2009 жыл (ағымдағы жыл жоспары)	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
1-стратегиялық бағыт. Бюджеттің атқарылу сапасын жақсарту және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін ұлғайту								
1.1 - мақсат Мемлекеттік мекемелердің бюджеттерінің атқарылуына және шоттарына қазынашылық қызмет көрсету сапасын арттыру								
Нысаналы индикатор. Мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету және қаржылық құжаттарын қайта өңдеу уақытын қысқарту. 2008 жылы - 3 жұмыс күні, 2009 жылы - 3 жұмыс күні, 2010 жылы - 2 жұмыс күні, 2011 - 2014 жылдарда - 1 жұмыс күніне дейін								
1.1.1-міндет Қазынашылықтың ақпараттық жүйесін жетілдіру								
Қаржылық құжаттардың электрондық құжат айналымы (Қазынашылық - клиент) үшін қазынашылықтың ақпараттық жүйесіне жүйеге қосылу үшін қажетті техникалық жарақтандыру деңгейі бар мемлекеттік мекемелермен біріктіру, %	%	10	10	45	100	100	100	100
1.2-мақсат Мемлекеттік сатып алу процесін оңтайландыру және тиімділігін арттыру								
Нысаналы индикатор Мемлекеттік сатып алудың жалпы көлеміндегі электрондық мемлекеттік сатып алу үлесінің ұлғаюы, 2008 жылы - 0,1 %, 2009 жылы - 5 %, 2010 жылы - 10 %, 2011 жылы - 20 %, 2012 жылы - 25 %, 2013 жылы - 30 %, 2014 жылы - 35 %.								
1.2.1-міндет Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы оңтайландыру және жетілдіру								

Қолданыстағы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Бірлік	1	2	1	-	-	-	-
1.2.2-міндет Мемлекеттік сатып алу жүйесін ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып енгізу								
Сатып алудың жалпы көлемінен ақпараттық жүйелер мен электрондық құжат айналымын пайдалана отырып жүзеге асырудағы мемлекеттік сатып алудың үлес салмағы	%	-	16	50	60	65	70	75
1.3-мақсат Мемлекеттік бюджет қаржысын пайдалану кезінде қаржылық бұзушылықтардың алдын алу								
Нысаналы индикатор Мемлекеттік мекемелер шығыстарындағы бұзушылықтардың үлес салмағының төмендеуі, 2007 жылы 2 %-ке, 2008 жылы 1,95 %-ке, 2009 жылы - 1,9 %-ке, 2010 жылы - 1,85 %-ке, 2011 жылы - 1,8 %-ке, 2012 жылы - 1,75 %-ке, 2013 жылы - 1,7 %-ке, 2014 жылы - 1,65 %-ке								
1.3.1-міндет Мемлекеттік бюджет қаржысын пайдалану кезінде қаржылық бұзушылықтардың жолын кесу және алдын алу								
Бақылау объектілерінің қаржылық тәртіп деңгейін арттыру (бақылау іс-шаралары қорытындылары бойынша қабылданған шешімдер мен ұсыныстардың орындалу деңгейін арттыру)	%	75	80	85	88	90	90	90
1.3.2-міндет Тәуекелдерді басқару жүйесіне көшу жолымен бақылау тиімділігін арттыру								
Тәуекел топтары бойынша бақылау объектілерін іріктеу мен мониторинг жүйесін автоматтандыру	Бірл.	-	-	1	-	-	-	-
Тәуекел топтары бойынша бақылау объектілерін іріктеу мен мониторинг жүйесін автоматтандыру жүйесін енгізу	%	-	-	11	100	-	-	-
1.4-мақсат. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің мөлшерін ұлғайту								
Нысаналы индикатор. 2020 жылға қарай Ұлттық қор активтері ЖІӨ-нің кемінде 30%-ын, 2008 жылы - 20,6 %-ын, 2009 жылы - 28,3%-ын, 2010 жылы - 28,7%-ын, 2011 жылы - 28,3 %-ын, 2012 жылы - 28 %-ын, 2013 жылы - 26,8 %-ын, 2014 жылы - 27,5%-ын құрайды.								
1.4.1-міндет. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің мөлшерін ұлғайту								
Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің мөлшері	млрд. АҚШ долл.	27,5	30,5	33,6	36,5	39,2	40,9	45,9
2-стратегиялық бағыт. Салық жүйесін жетілдіру және салық қызметі органдары қызметінің тиімділігін арттыру								
2.1 - мақсат Салықтардың толық түсуін салықтық әкімшілендіруді жақсарту жолымен қамтамасыз ету.								
Нысаналы индикатор Салық қызметі органдарының құзыретіне жататын республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістері бойынша болжамның орындалуы, 2008 жылы - 97,3 % (нақты), 2009 жылы - 100 %, 2010 жылы - 100 %, 2011 жылы - 100 %, 2012 жылы - 100 %, 2013 жылы - 100 %, 2014 жылы - 100 %.								

2.1.1 - міндет Салық төлеушілерді салықтық бақылаумен қамтуды арттыру

Нәтижелі жоспарлы тексерулердің үлес салмағын ұлғайту	%	98,1	96	97	98	98	98	98
Шоғырландырылған бюджеттің табыстарының жалпы көлеміндегі, өндіріп алуға үмітсіз бересіні есепке алмағанда (жалған кәсіпкерлік белгілері бар, салық төлеушілерінің салық тексерулерінің нәтижелері бойынша)салық түсімдері бойынша бересінің үлесі	%	0,6	2	1,8	1,6	1,4	1,2	1
Заңды тұлға-салық төлеушілерінің кешенді жоспарлы салық тексерулердің санын төмендету қарқыны (жыл сайынғы тексеру жоспарға сәйкес)	%	-	-	-	1	1	1	1
Орындалмаған салық міндеттемелері жоқ және болмашы немесе орташа дәрежелі тәуекел санатына жататын шағын кәсіпкерлік субъектілерінің тарату тексерулерді жүргізу мерзімін азайту	Жұмыс күні	57	77	57	45	42	41	40
Есептелген салықтардың суммаларының (өндіріп алуға үмітсіз бересіні есепке алмағанда, бересінің суммасына қосылған) өндіріп алу үлес салмағын өсіру	%	20,9	15,9	19	20	21	22	23

2.1.2-міндет Салық саясатын жетілдіру

Салық заңнамасын жетілдіру	Заң жобасы	-	-	2	1	1	1	1
----------------------------	------------	---	---	---	---	---	---	---

2.2 - мақсат Қоғамның салық қызметі органдарының қызметінен қанағаттану деңгейінің өсуін қамтамасыз ету

